*Сорғы электр шкафына жергілікті нормалар мен ережелерге сәйкес қосылуы тиіс. Электр шкафына балқыма сақтандырғыштар, желілік ажыратқыш және жерге жылыстайтын токман қорғаныш кіреді. Барлық полюстерді ажыратып тастаған кезде, сыртқы ажыратқыштың түйісілерінің арасындағы ауа саңылауы 3 мм (әрбір полюс үшін) аз болмауы тиіс. Желілік ажыратқышты 0 күйіне ауыстыру мүмкіндігі қарастырылуы тиіс.*

*Ажыратқыштың типі Р МЭК 60204 МемСТ 5.3.2 тармағында көрсетілген.*

*Сорғыда кіріктірілген қозғалтқыштың қорғанышы және барлық қажетті басқару құралдары бар.*

### Ескертпе

*Егер сорғының фирмалық тақташасында "Ex" (жарылыстан қорғау) таңбалауы болатын болса, осы құжатта келтірілген нұсқауларға сәйкес, сорғының дұрыс қосылуын қамтамасыз ету керек.*

### Ескертпе

*Егер СИУ құрылғысы қолданылатын болса (байланыс интерфейсінің блогы) (10.1 тарауын қар.), оны потенциалды жарылыс қауіпті ортада орнатуға болмайды.*



### Ескертпе

*Жарылыс қорғанышты сорғылардың жерге тұйықтау сымдарының сорғыдағы тұйықтаудың сыртқы клеммасына қосылуын қамтамасыз ету керек, бұл үшін қорғанышты кабельді қамыты бар сым қолданыңыз. Сыртқы жерге тұйықтауды жалғау үшін, оны бетін тазалаңыз және қорғанышты кабельді қамыт орнатыңыз. Жерге тұйықтау сымның көлденең қимасы ең аз дегенде 4 мм<sup>2</sup> болуы тиіс, мысалы, сарғыш-жасыл түсті Н07 V2-K (PVT 90°) типті сым. Жерге тұйықтаудың сенімді орындалғанын тексеріңіз.*

### Ескертпе

*Құрастырар алдында және бірінші рет сорғыны іске қосар алдында, қысқа тұйықталуды болдырмас үшін, кабельдің сыртқы ақауларының жоқтығын тексеріңіз.*

### Ескертпе

*Сорғының құрғақ жұмыс істеуіне тыйым салынады.*

Жұмыс кернеуінің және ток жиілігінің мәндері номиналды деректер бар фирмалық тақташада көрсетілген. Кернеудің жол берілетін ауытқуы 14. *Техникалық сипаттамалар* тарауында көрсетілген. Электр қозғалтқыштың электр сипаттамаларының қорек көзінің бар параметрлеріне сәйкестігін тексеріңіз. Барлық сорғылар 10 кабелімен жеткізіледі, кабельдің ұшы бос болады.

### Ескертпе

*Егер электр қорегінің кабелі зақымданған болса, ол Grundfos сервистік орталығымен немесе тиісті біліктілігі бар қызмет көрсетуші персоналмен айырбасталуы тиіс.*




### 9.1 CIU құрылғысы (байланыс интерфейсі)

Grundfos CIU (CIU = Communication Interface Unit - Байланыс интерфейсінің құрылғысы) SEG AUTO<sub>ADAPT</sub> сорғысы мен желі арасындағы деректерді беру үшін қолданылады. CIU құрылғысы қосымша опция болып табылады. Құрылғымен бірге жеткізілетін құрастыру және пайдалану бойынша нұсқаулықты қараңыз.

### 9.2 Электр жабдықтарын қосу - бір фазалы электр қозғалтқышты сорғылар

Сорғының патенттелген іске қосу функциясы бар. Бұл функция іске қосу кезінде конденсатордың қажеттігін шеттейді. Жұмыс конденсаторы сорғыға іріктірілген.




3-сур. Бір фазалы электр қозғалтқышты сорғыларға арналған жалғау схемасы

TM04 4297 1209

### 9.3 Электр жабдықтарын қосу - үш фазалы электр қозғалтқышты сорғылар

Сорғының электр қозғалтқышы электр шкафындағы фазалардың сағаттың тілі бойынша кезектелетіндей болып құрастырылған (фазалардың кезектілік детекторының көмегімен анықталады). Фазалардың кезектелуі дұрыс болмайынша сорғы іске қосылмайды. Егер құрғақ айналыстың датчиктері сұйықтыққа батырылған болып, бірақ сорғы іске қосылмайтын болса, оның себебі фазалардың кезектелуі дұрыс болмауынан болуы мүмкін. L1 және L2 орындарымен айырбастау керек.



4-сур. Үш фазалы электр қозғалтқышты сорғыларға арналған жалғау схемасы

TM04 4298 1209

### 9.4 Сигналды реле/сыртқы байланысты қосу

Сорғыда авариялы сигналдың шығуы бар (реле). Қажеттілік болған кезде, мысалы, дыбысты немесе авариялы сигнал үшін қолданылатын NC және NO түйісулері бар. Баламасы ретінде CIU құрылғысы арқылы сыртқы байланыс үшін 4 және 6-сымдарды қолдануға болады.

**Егер CIU құрылғысы қосылған болса, релені қолдануға болмайды. CIU авариялық сигнализацияның функциясын өзiне алатын релемен жабдықталған.**

Нұсқау

Жалғау схемасының үлгісін CIU құрылғысымен бірге жеткізілетін техникалық құжатнамадан қараңыз.

## 10. Пайдалануға беру

Барлық бұйымдар дайындаушы-зауытта қабылдап-тапсыру сынағынан өткізіледі. Орнату орнында қосымша сынақ өткізудің қажеті жоқ. Құрылғыны іске қосу үшін, «Grundfos» ЖШҚ сервистік орталығына жүгінуді ұсынамыз. Ұзақ уақыт сақтауда болғаннан кейін (екі жылдан артық), сорғылық агрегаттың күйіне диагностика жүргізу қажет, тек содан кейін ғана оны пайдалануға енгізу керек. Сорғының жұмыс деңгелегінің еркін айналып тұрғанына көз жеткізіңіз. Бүйірлік тығыздағыштың, тығыздағыш шығыршықтардың және кабельді енгізілімдердің күйіне ерекше назар аудару керек.

**Ескертпе**  
Жұмысты бастар алдында сорғыдағы сақтандырғыштарды алып тастау керек немесе қоректу желілік ажыратқышпен ажыратып тастау керек. Кернеудің кездейсоқ қайталанып немесе рұқсатсыз қосылатын мүмкіндігінің жоқ екендігіне көз жеткізіңіз. Қорғаныш қондырғыларының дұрыс қосылуын қамтамасыз ету керек. Сорғының құрғақ жұмыс істеуіне тыйым салынады.



**Ескертпе**  
Сорғыны іске қосқаннан кейін, клеммалы қорапты ашу персоналдың дене жарақатын алуына немесе өлім жағдайына әкеліп соғуы мүмкін.



**Ескертпе**  
Егер сұйыққоймада жарылыс қауіпті жағдайлар туындайтын болса, жарылыстан қорғалмаған сорғыны іске қосуға тыйым салынады.



Назар  
аударыңыз

*Сорғыда шамадан артық шу немесе діріл болған кезде, не болмаса сорғының жұмысында басқа да ақаулықтар немесе электр қорегінен кемшіліктер болатын болса сорғыны шұғыл тоқтату керек. Ақаулықтың себебін таппағанша және оны жойғанша, сорғыны қайтадан іске қоспаңыз.*

Біліктің тығыздағышын айырбастағаннан кейін, бір апта пайдаланудан соң, май камерасындағы майдың күйін тексеріңіз. Іс қимыл тәртібін 12. *Техникалық қызмет көрсету* тарауынан қараңыз.

### 10.1 Пайдалануға өнгізудің алдында

Мыналарды орындау қажет:

1. Сақтандырғыштарды ағытып алу. Сорғының жұмыс дөңгелегінің еркін айналуын тексеру. Кесу механизмінің басын қолмен бұрып қою.
2. Май камерасындағы майдың күйін тексеру. Сонымен қатар 12.4 *Май айырбастау* тарауын қараңыз.
3. Деңгей датчигінің таза екендігіне және қорғанышты қақпақтың зақымданбағандығына көз жеткізу.
4. Құрғақ айналым датчиктерінің таза екендігіне көз жеткізу.
5. Бар ысырмаларды ашу.
6. Сорғыны сұйықтыққа түсіру және сақтандырғыштарды салу.
7. Жүйенің айдалатын сұйықтықпен толтырылғандығын және одан ауаның шығарылғандығын тексеріңіз. Сорғыда ауаны автоматты түрде шығару жүйесі қолданылады.
8. Сорғыға қорек қосу.

Қоректі қосқаннан кейін сорғы іске қосылады да сұйықтық деңгейі құрғақ айналыс деңгейіне дейін төмендейді. Бұл функцияны сорғыны тексеру үшін қолдануға болады.

Нұсқау

*Егер құрғақ айналыс датчиктері жұмыс сұйықтығына батырılmaz, сорғы іске қосылмайды.*


### 10.2 Айналым бағыты

Бір фазалы электр қозғалтқышты барлық сорғыларда айналымның дұрыс бағытын қамтамасыз ететін зауыттық қосылымдары бар. Үш фазалы электр қозғалтқышты сорғыларға кірікірілген электроника сорғыны фазалардың дұрыс кезектелмеуі кезіндегі іске қосылудан сақтайды және сондай-ақ дұрыс айналмау кезінде. Егер сорғы жұмыс істемесе, ал сұйықтық деңгейі құрғақ айналыс датчиктерінен жоғары болса, L1 және L2 орындарымен айырбастаңыз.

Нұсқау

*Сорғы, егер үстіңгі жағынан қараса, сағаттың тілі бойынша айналады.*

*Сорғының ұмтылыс бағыты қосқаннан кейін, жұмыс дөңгелегінің айналым бағытына қарама-қарсы болады.*



5-сур. Ұмтылыс бағыты

## 11. Пайдалану

Пайдалану шарттары 14. *Техникалық сипаттамалар* тарауында келтірілген.



#### Ескертпе

*Желілік ажыратқышты 0 күйіне ауыстыру мүмкіндігі қарастырылуы тиіс. Ажыратқыштың типі МЭК 60204-1 МемСТ 5.3.2 тармағында көрсетілген.*

#### Ескертпе

*SEG AUTO АДАРТ жарылыс қорғанышты сорғыларды қауіпсіз пайдалануға арналған ерекше жағдайлар:*

- Айырбастау кезінде қолданылатын бұрандалар А2-70 сыныпты немесе одан жоғары болуы тиіс.
- Статордың орамасындағы 150 °С номиналды температураға әсер ететін термоажыратқыш қоректің ажыратылуын кепілдейді.
- Қоршаған ортаның температурасы шамамен -20 °С ден +40 °С дейін болуы тиіс.




TMO4 4479 1509

## 11.1 Жұмыс режимдері

Атаулы сорғылар кезеңдің пайдалануға арналған(S3). Айдалатын сұйықтыққа толық батырған кезде, сорғылар сонымен қатар үздіксіз режимде пайдаланылады (S1).

### • S3, кезеңдік пайдалану:

Сорғының электроникасы лайықты уақытта автоматты түрде сорғыны тоқтатады. S3 жұмыс режимі 10 минут уақыт кезеңінде сорғы 6 минутқа тоқтап, 4 минут бойы жұмыс істеу керектігін білдіреді. 6-сур. қар. Бұл режимде сорғы айдалатын сұйықтыққа жартылай ғана батырылған, яғни сұйықтық деңгейі қозғалтқыштың ортасына дейін ғана жетеді.




TM04 4527 1509

### 6-сур. S3 жұмыс режимі

### • S1, үздіксіз пайдалану режимі

Бұл режимде сорғы үздіксіз, салқындату үшін тоқтаусыз жұмыс істей алады, 7-сур. қар. Толық батырылған кезде сорғы қоршаған айдалатын сұйықтықпен жеткілікті салқындатылады.



TM04 4528 1509

### 7-сур. S1 жұмыс режимі

## 11.2 Сорғы деректерін қайтару

Сорғыға берілетін қоректі 1 минутқа ажыратыңыз, содан кейін қайтадан қосыңыз.

## 11.3 Электр қозғалтқыштың кіріктірілген қорғанышы

Электр қозғалтқыштың әр түрлі жағдайлардан сақтандыратын кіріктірілген электронды қорғаныш блогы бар.

Шамадан артық жүктеме туындаған жағдайда кіріктірілген қорғаныш сорғыны 5 минутқа тоқтатады. Осыдан кейін, егер қозғалтқышты іске қосатын барлық шарттар орындалса, сорғы қайтадан іске қосылуға дайын.

Сорғының электронды блогын қайтадан жүктеу үшін қоректі 1 минутқа ажырату керек.

Мынадай жағдайларда электр қозғалтқышының қорғанышы іске қосылады:


- құрғақ айналым;
- жоғары қарқынды найзағай қуаты бар аудандарда (6000 В дейін) кернеу тербелісі (сыртқы найзағай қорғанышы талап етіледі);
- көтеріңкі кернеу;
- кернеу төмендеуі;
- артық жүктемелі;
- қызып кету.

## 11.4 Қалып бойынша баптау

Сорғы өндірістен қалып бойынша келесі баптауларымен бірге жеткізіледі.

Параметр	0,9 - 1,5 кВт	2,6 кВт	3,1 - 4,0 кВт
Іске қосу кешіктірілуі (өз бетімен)	Ажыр	–	–
Іске қосу деңгейі	25 см	–	–
Жоғары деңгей авариялық сигналы	+ 10 см	–	–
Айқасып қалудан қорғау:			
Интервал	3 күн	–	–
Ұзақтылық	2 сек.	–	–

Тізімделген параметрлердің бірін немесе бірнешеуін өзгерту қажет болатын болса, Grundfos GO қашықтықтан басқару жүйесімен бірге CIU қосымша құрылғысын қолданыңыз. CIU-ді баптаулар орындау үшін, уақытша қосуға болады. Бұдан да анығырақ ақпарат CIU құрылғысына құрастыру және пайдалану бойынша нұсқаулығында ұсынылған.



TM04 4478 1509

### 8-сур. Сорғыны іске қосу және тоқтату деңгейі

### 11.5 Сорғылардың кезектесуі

Егер бір ғана сұйыққоймада бірнеше сорғы орнатылған болса (төрттен артық), сорғыға кіріктірілген басқару қисыны уақыт бойынша сорғылар арасында жүктеме тең дәрежеде таратуды қамтамасыз ететін болады. Сорғылардың кезектесуі резервуардағы сұйықтықты тексеру тәсілі арқылы орындалады.

Нұсқау

**Сорғы кезектілігіне атмосфералық қысым ықпал етуі мүмкін.**

### 11.6 Іске қосу деңгейіне орнату

Сорғының іске қосу деңгейіне атмосфералық ықпал ете алады. Егер іске қосу мен тоқтату арасында үлкен интервал болатын болса, іске қосу деңгейі орнатылғанынан ерекшеленуі мүмкін. Төмендегі мысалдарын қараңыз.

#### 1-мысал: Тұрақты атмосфералық қысым

Сұйыққоймадағы сұйықтық деңгейі орнатылған қосылу деңгейіне жететін болса, сорғыны іске қосылуы орын алады. Сұйықтық деңгейі тоқтау деңгейіне жетпейінше сорғы жұмыс істейді. 9-сур. қар.



9-сур. 1-мысал: Тұрақты атмосфералық қысым

#### 2-мысал: Көбейетін атмосфералық қысым


Егер сорғы тоқтатылғаннан кейін, атмосфералық қысым артады, сорғы бұл артуды сұйықтық деңгейі ретінде белгілейді. Нәтижесінде сорғы іске қосылымы орнатылған іске қосу деңгейіне жеткенде орын алады. 10-сур. қар.



10-сур. 2-мысал: Көбейетін атмосфералық қысым

### 3-мысал: Атмосфералық қысым төмендейді

Егер сорғы тоқтатылғаннан кейін, атмосфералық қысым түсетін болса, сорғы мұны сұйықтық деңгейінің төмендеуі ретінде белгілейді. Нәтижесінде сорғы іске қосылымы орнатылған іске қосу деңгейіне жеткенде орын алады. 11-сур. қар. Сондықтан сорғының тоқтату деңгейі мен сұйыққоймаға кіру саңылауының арасындағы аралығы 50 см-ден кем болмауы керек. 8-сур. қар.



11-сур. 3-мысал: Төмендейтін атмосфералық қысым

#### Ескертпе

**Сорғының электронды блогының екі жағынан да орналасқан екі құрғақ айналым датчигіне негізделген құрғақ айналымынан қорғанышы бар.**

**Егер құрғақ айналым датчигі су жетімсіздігін тіркейтін болса, сорғы бірден тоқтап қалады, датчиктер қайта суға толығымен батырылғанша, ол қайта қосылуы мүмкін емес. Сұйыққоймадағы датчиктерге тұлба түзілу көлеміне байланысты датчиктерді жүйелі түрде жуу керек.**



TM04 4337 1209

TM04 4338 1209

TM04 4339 1209

## 11.7 Термоажыратқыштар

Барлық сорғыларда статор орауына кіріктірілген термоажыратқыштардың екі жиынтығы бар.

**Термоажыратқыштар іске қосылған уақытта сорғы тоқтайды және ораулар қалыпты температураға дейін суымайынша қайта іске қосылмайды.**

Нұсқау

**Егер сорғы автоматты түрде қайта қосылмаса, деректерін түсіру керек. 11.2 Сорғының деректер түсірілімі тарауын қар. Егер сорғыны бірнеше рет қолмен қайта қосуға тура келетін болса, Grundfos-қа немесе ресми сервистік орталығына жүгініңіз.**

## 12. Техникалық қызмет көрсету

Нұсқау

**Сорғыға техникалық қызмет көрсету бойынша барлық жұмыстарды, сорғы сұйыққоймадан тыс жерде болғанда жүргізу ұсынылады.**

**Ескертпе**  
Сорғыны пайдалануды бастар алдында сақтандырғыштарды ағытып алыңыз немесе қоректі ажыратыңыз. Кернеудің рұқсатсыз немесе кездейсоқ қайталанып қосылу мүмкіндігінің болмайтындығына көз жеткізіңіз. Барлық айналатын тетіктері мен бөлшектері жылжымайтын болуы тиіс.

**Ескертпе**  
Ағын бөлігіне қызмет көрсетуден бөлек, техникалық қызмет көрсету бойынша басқа жұмыстардың барлығы жарылыс қорғанышты құрылғыларға қызмет көрсету үшін сертификатталған Grundfos мамандарымен немесе ресми сервис қызметтерімен орындалуы тиіс.



### Ескертпе

**Май камерасының тығындарын бұрап ағытар кезінде, камераның ішінде артық қысым болуы мүмкіндігін ескеру керек. Ешқашан қысым толығымен түспейінше бұрандалы тығындарды толық бұрап ағытуға болмайды**

**12.1 тарауында көрсетілген тазалау кезеңдігінің ұсыныс сипаты бар және нақты сұйық қоймаға сәйкес орнатылуы тиіс. Жарылыс қорғанышты орындалымдағы сорғылар үшін 12.2 тарауында көрсетілген тазалау кезеңдігін ұстану керек.**

Нұсқау

Нұсқау

**Ұзақ тоқтап тұру кезеңдерінде сорғының жұмыс күйін тексеру ұсынылады.**

### 12.1 Стандартты сорғылардағы датчиктер үшін ұсынылатын тазарту кезектілігі

Датчиктерді жуу үдерісі 15.4 Датчиктерді жуу тарауында сипатталған.

Құрамында майы бар ағын сулары	Қатты қосылымдар немесе талшықтары бар ағын сулары	Қатты қосылымдар немесе талшықтары жоқ ағын сулары
3 ай	6 ай	12 ай

### 12.2 Жарылысқа қорғалған орындалымының сорғылардағы датчиктер үшін міндетті тазарту кезектілігі

Датчиктерді жуу үдерісі 15.4 Датчиктерді жуу тарауында сипатталған.

Құрамында майы бар ағын сулары	Қатты қосылымдар немесе талшықтары бар ағын сулары	Қатты қосылымдар немесе талшықтары жоқ ағын сулары
3 ай	6 ай	6 ай

Сервистік жұмыстарды және техникалық қызмет көрсетуді бастар алдында сорғыны таза сумен мұқият жуып шаю керек. Бұзғаннан кейін сорғының тетіктерін таза сумен жуып шайған жөн.

## 12.3 Тексерістер кезеңдігі

### Ескертпе

**Ағын бөлігіне қызмет көрсетуден бөлек, техникалық қызмет көрсету бойынша басқа жұмыстардың барлығы жарылыс қорғанышты құрылғыларға қызмет көрсету үшін, сертификатталған Grundfos мамандарымен немесе ресми сервис қызметтерімен орындалуы тиіс.**



Қалыпты пайдалану режимі кезінде сорғыны жұмыстың әрбір 3000 сағаты сайын немесе жылына бір рет тексеру қажет.

Егер айдалатын сұйықтықтың құрамында қатты бөлшектер немесе құм көп болатын болса, сорғыны жиі тексерген жөн.

Келесілерді тексеру қажет:

#### • Тұтынылатын қуат

Сорғының фирмалық тақтасын қараңыз.

#### • Майдың күйі және деңгейі

Егер бұл жаңа сорғы немесе біліктің тығыздағышын айырбастағаннан кейін орнатылатын сорғы болса, майдың деңгейін пайдаланудың бір аптасынан кейін тексереді. Егер майдың құрамының 20 % су болатын болса, біліктің тығыздағышы зақымданған болуы мүмкін. Май айырбастауды жұмыстың 3000 сағаты сайын немесе жылына бір рет жүргізіп отыру керек. Бұл үшін Shell Ondina 917 майын немесе осыған ұқсас май қолдану керек. **12.4 Май айырбастау** тарауын қар.

• Датчиктерді жуып шаю үдерісі **15.4 Датчиктерді жуып шаю** тарауында сипатталған.

**Қолданылған майды жинап алу керек және оны жергілікті нормалар мен ережелерге сәйкес жою керек.**

Нұсқау

Кестеде SEG AUTO<sub>ADAPT</sub> сорғысының май камерасына қажетті майдың мөлшері көрсетілген.

Сорғы типі	Май камерасындағы май [л]
1,5 кВт дейінгі қуатымен SEG AUTO <sub>ADAPT</sub>	0,17
2,2 кВт-тан 4,0 кВт дейінгі қуатымен SEG AUTO <sub>ADAPT</sub>	0,42

#### • Кабельді енгізілім

Кабельді енгізілім герметикаланған болуы мүмкін, ал кабельдерде күрт бұгулер және/немесе қысулар болмауы керек.

#### • Сорғының тетіктері

Жұмыс деңгелегінде, сорғының корпусында және т.б. тозу іздерінің бар немесе жоқ екендігін тексеріңіз. Тозған тетіктерін айырбастаңыз.

#### • Мойынтіректер

Біліктің шусыз байау айналысын тексеріңіз (оны жайлап қолмен бұраңыз).

Тозған мойынтіректерін айырбастаңыз.

Сорғының күрделі жөнделуі әдетте мойынтіректердің зақымданғанында немесе электр қозғалтқыштың жұмысында іркілістер болған жағдайларда жүргізіледі. Жөндеу тек Grundfos мамандарымен немесе Grundfos ресми сервистік қызметтерімен орындалады.

#### • Кесу механизмі/кесу механизмінің тетіктері

Жиі бітеліп қалу жағдайларында кесу механизмінің тозу дәрежесін тексеру қажет. Кесу механизмінің тозған тетіктерінің шеттері мұқалған және қажалған болады. Жаңа кесу механизмімен салыстырыңыз.

## 12.4 Май айырбастау

Төменде сипатталғандай, пайдаланудың 3000 сағатынан кейін немесе жылына бір рет май камерасындағы майды айырбастау жүргізіледі. Егер біліктің тығыздағышы айырбасталса, онда осылайша майында айырбастау керек. **15.5 Білік тығыздағышын тексеру/айырбастау** тарауын қар.

### Майды ағызып алу

#### Ескертпе

**Май камерасының тығындарын бұрап ағытар кезінде, камераның ішінде артық қысым болуы мүмкіндігін ескеру керек. Ешқашан қысым толығымен түспейінше, бұрандалы тығындарды толық бұрап ағытуға болмайды**



- Бұрандалы тығынның екеуін де бұрап ағытып алыңыз және май камерасындағы майды толық ағызып жіберіңіз.
- Майдың құрамында судың немесе басқа лас заттардың бар немесе жоқ екендігін тексеріңіз. Егер біліктің тығыздағышы ағытылып алынған болса, онда май біліктің тығыздағышының күйінің көрсеткіші болады.



Нұсқау


**Қолданылған майды жинап алу керек және оны жергілікті нормалар мен ережелерге сәйкес жою керек.**

Сорғы көлденең күйде тұрғанда май құю.  
12-сур. қар.

1. Сорғы статордың корпусында және тегеурінді ернемектің үстінде жататын, ал бұрандалы тығындары жоғары жағында болатындай күйде болуы керек.
2. Май камерасына майды жоғарғы саңылау арқылы, төменгі саңылаудан ағуы басталғанға дейін, құйыңыз: енді майлаудың қажетті деңгейіне жетті. **12.3 Тексерістер кезеңдігі** тарауын қар.
3. Жиынтыққа кіретін тығыздағыш материалды қолдана отырып бұрандалы тығындардың екеуін де орнатыңыз.

Сорғы тік күйінде тұрғанда май құю

1. Сорғыны тегіс көлденең жерге орнатыңыз.
2. Май камерасына майды саңылаулардың біреуі арқылы, басқа саңылаудан ағуы басталғанға дейін, құйыңыз. Майдың мөлшері **12.3 Тексерістер кезеңдігі** тарауында көрсетілген.
3. Жиынтыққа кіретін тығыздағыш материалды қолдана отырып, бұрандалы тығындардың екеуінде орнатыңыз.



**12-сур.** Май құюға арналған саңылау

### 13. Істен шығару

SEG AUTO<sub>ADAPT</sub> сорғыларын пайдаланудан шығару үшін, желілік ажыратқышты «Ажыратулы» күйіне ауыстыру керек. Желілік ажыратқышқа дейін орналасқан барлық электр желілерінде үнемі кернеу болады. Сондықтан, құрылғының рұқсатсыз немесе кездейсоқ қосылуын болдырмау үшін, желілік ажыратқышты блоктап тастау керек.

### 14. Техникалық сипаттамалар

#### Орнату кезіндегі батыру тереңдігі

Сұйықтық деңгейінен ең көбі 10 метр төмен.

#### Жұмыс қысымы

Ең көбі 6 бар.

#### Бір сағаттағы іске қосулар саны

20-дан артық емес.

#### pH мәні

Стационарлы қондырғылардағы сорғылар деңгейі pH 4 тен 10 дейін сұйықтықты айдай алады.

#### Сұйықтық температурасы

0 °C ден +40 °C дейін.

Аз уақытқа (15 минуттан көп емес) +60 °C

температурасына жол беріледі (тек стандартты орындалулар үшін, жарылыс қауіпті орталар үшін емес).

#### Ескертпе

**Жарылыстан қорғанышты орындалымдағы сорғылар температурасы 40 °C жоғары сұйықтықтарды айдалмауы тиіс.**



**Тығыздығы:** 1000 кг/м<sup>3</sup>.

**Кинематикалық кілегейлігі:** 1 мм.кв/с (1 сСт).

#### Ескертпе

**Егер айдалатын сұйықтықтың тығыздығы мен кинематикалық кілегейлігі судыкінен неғұрлым жоғары болатын болса, Grundfos компаниясымен байланысу керек.**



#### Габаритті өлшемдері

1-қосымшаны қар.

#### Қорек кернеуі

• 1 x 230 В - 10 %/+6 %, 50Гц.

• 3 x 400 В - 10 %/+6 %, 50Гц.

#### Қорғаныш дәрежесі

IP68.

#### Оқшаулау сыныбы

F (155 °C).

#### Дыбыстық қысым деңгейі

< 70 дБ(А).

## 15. Ақаулықтың алдын алу және жою



**Егер сорғы денсаулыққа қауіпті немесе улы сұйықтықтарды айдауға қолданылса, бұл сорғы ластанған ретінде қарастырылады.**

Бұндай жағдайда жөндеуге әрбір тапсырыс берер кезде, алдын ала айдалатын сұйықтық туралы толық ақпарат берген жөн.

Егер бұндай ақпарат берілмеген жағдайда, Grundfos фирмасы жөндеу жүргізуден бас тарта алады.

Сорғыны фирмага қайтаруға байланысты болуы мүмкін шығындарды жөнелтуші көтереді.



### Ескертпе

**Ақаулықтарды табу және жою бойынша операцияларды бастар алдында сақтандырғыштарды алып тастау керек немесе қоректі желілік ажыратқышпен ажыратып тастау керек.**

**Кернеудің кездейсоқ қайталанып қосылуы немесе рұқсатсыз қосылу мүмкіндіктерінің жоқ екендігіне көз жеткізіңіз.**

**Айналатын барлық тетіктер мен бөлшектер жылжымайтын болуы тиіс.**

### Ескертпе

**Потенциалды жарылысқа қорғалған жағдайларда сорғыларды пайдаланудың барлық нормалары және ережелері сақталуы керек.**

**Жарылысқа қорғалғаннан тыс аймақтарда барлық жұмыстар орындалымын қамтамасыз ету керек.**



Ақаулық	Себебі	Ақаулықты жою
1. Сорғы жұмыс істемейді.	a) Құрғақ айналым датчиктері жұмыс сұйықтығына батырылмаған.	<b>Қорек іске қосылғаннан кейін:</b> Сұйықтық деңгейі көтеріліп, құрғақ айналым датчиктері жұмыс сұйықтығына батырылғанша күту.
	b) <b>Үшфазалы электр қозғалтқыштарымен жабдықталған сорғыларда ғана:</b> Сорғы фазаның қате көзектілігі бар қорек желісіне қосылған.	L1 және L2 орындарын ауыстыру.
	c) Электр жабдығының сақтандырғыштары қызып кеткен.	Сақтандырғыштарды ауыстыру. Егер жаңа сақтандырғыштар да қызып кететін болса, электр желісіне қосылым дұрыстығын және кабельдің батырылған бөлігін тексерген жөн.
	d) Электр қорегінің ақаулығы; қысқаша тұйықталу; кабельдің немесе электр қозғалтқышы орамының ақаулығы.	Кабель және электр қозғалтқыш білікті маманмен тексерілуі және жөнделуі керек.
	e) Электр қозғалтқышының электр жабдығындағы ақаулық.	Электр қозғалтқышын Grundfos компаниясының сервистік қызмет инженері тексеруі және жөндеуі керек.
	f) Деңгей датчигі немесе құрғақ айналым датчигіндегі шөгінділер.	Датчикті(-терді) жуып шаю.
2. Сорғы жұмыс істеп тұр, бірақ шамалы уақыттан кейін, электр қозғалтқыштың қорғаныш тоқтайды.	a) Жұмыс дөңгелегі лаймен бітелген. Барлық үш фазада ток тұтынылымының көтеріңкілігі.	Жұмыс дөңгелегін жуып шаю.
	b) Токтың көтеріңкі тұтынылымы кернеудің едәуір түсуінен.	Электр қорегі орнатылған диапазон шегінде болуы үшін тексеріңіз.
	c) Сұйықтықтың тым жоғарғы температурасы.	Сұйықтықтың температурасын төмендету.
	d) Сұйықтықтың тым жоғары тұтқырлығы	Жұмыс сұйықтығын сұйылту.

3. Сорғы нашарлаған сипаттамаларымен және тұтынылатын қуатпен жұмыс істейді.	a) Тегеурінді құбыр лаймен бітелген.	Тегеурінді келте құбырды жуып-шаю.
	b) Тегеурінді құбырының клапандары жабық немесе блокталған.	Тексеру және қажеттілігіне қарай жуу клапандарын жуу немесе ауыстыру.
4. Сорғы жұмыс істейді, алайда су берілісі жоқ.	a) Тегеурінді құбыр етегінің ысырмасы бітеулі немесе блокталған.	Ысырманы тексеру және ашу немесе тазалау керек.
	b) Кері клапан блокталған.	Кері клапанды жуып-шаю.
	c) Сорғыдағы ауа.	Сорғының ішіндегі ауаны шығару.
5. Сорғы лаймен бітелген.	a) Кесу механизмі тозған.	Кесу механизмін айырбастау.

### 15.1 Оқшаулау кедергісін тексеру

SEG AUTO<sub>ADAPT</sub> сорғыларын оқшаулау кедергісін өлшеу кіріктірілген электроника мұнда зақымданғандықтан, жол берілмейді.

### 15.2 Кесу механизмін айырбастау

#### Ескертпе

**Кесу механизмін айырбастауды бастар алдында**

**сақтандырғыштарды алып**

**тастау керек немесе қоректі**

**желілік ажыратқышпен**

**ажыратып тастау керек.**

**Кернеудің кездейсоқ қайталанып**

**қосылуы немесе рұқсатсыз**

**қосылу мүмкіндіктерінің жоқ**

**екендігіне көз жеткізіңіз.**

**Айналатын барлық тетіктер**

**мен бөлшектер жылжымайтын**


**болуы тиіс.**



Айқындамалардың нөмірін 2-қосымшадан қар.

#### Кесу механизмін бұзу

1. Сорғының тіреулерінің біріндегі бұrandаны босату (188а айқ.).
2. Кесу механизмiнiң шығыршығын (44-айқ.) үстiнен ұрып және сағат тiлi бойынша 15-20 бұрап босату. 13-сур. қар.



13-сур. Кесу механизмiнiң шығыршығын ағытып алу

3. Кескiш механизмiнiң шығыршығын шешiп алу (44-айқ.).


4. Бiлiк бүйiрiнен бұrandаны бұрап босату.

5. Кескiш механизм басын шешу (45-айқ.).

Жұмыс дөңгелегiнiң саңылауын реттеу 14-сур. көрсетiлген.

- a) Жұмыс дөңгелегi ендi айнала алмайтындай етiп (49-айқ.) сомынды (68-айқ.) (24-кiлтпен) байқап тарту.

- b) Ширек айналымға сомынды түсiру.



14-сур. Жұмыс дөңгелегiнiң саңылауын реттеу

Кескiш механизмдi құрастыру

1. Кескiш механизмнiң бастиегiн құрастыру барысында (45-айқ.) кескiш механизмнiң бастиегiндегi артқы бөлiгiндегi томпақ жұмыс дөңгелегiндегi саңылауы бар iлiнiсiне кiруi керек (49-айқ.).
2. Кейiн кескiш механизмнiң бастиегiндегi бұrandаны 20 Нм сәтiмен тарту (188а айқ.) керек.
3. Кескiш механизмi шығыршығының найзалы муфтасын (44-айқ.) жалғау.
4. Найзалы муфта соққыларымен сағат тiлiне қарсы бағытта кескiш механизм шығыршығын (44-айқ.) мықтап бекiтiңiз.
5. Бұrandаны тарту (188а айқ.).
6. Жиналым дұрыс орындалғандығына және бастиегi еркiн айналатындығына көз жеткiзу үшiн, кескiш механизмнiң бастиегiн бұру.

TM04 4480 1509

TM04 4481 1509

### 15.3 Сорғы корпусын жуып-шаю

Айқындама нөмірлерін 2-қосымшадан қар. Сорғы корпусын жуып-шаю үшін, келесілерді орындау керек.


#### Бөлшектеу

1. Сорғы мен электр қозғалтқышының бекітетін корпусынан қамытты босату және шешіп алу (92-айқ.).
2. Сорғы корпусынан қозғалтқыш торабын алу. (50-айқ.). Кескіш механизмінің жұмыс дөңгелегі мен бастиегі электр қозғалтқышының жиынында бөлшектенеді.
3. Сорғым корпусы мен жұмыс дөңгелегін жуу.

#### Жинау

1. Кескіш механизмінің жұмыс дөңгелегі мен бастиегі жинағындағы электр қозғалтқышын сорғы корпусына қою.
2. Қамытты орнату әне тарту. Сонымен қатар 15.5 Біліктің бүйірлік тығыздағышын тексеру/ауыстыру.

### 15.4 Датчиктерді жуу



TM04 4559 1609

15-сур. Деңгей мен құрғақ айналым датчиктерінің орналасуы

Келесілерді орындау керек:

15-сур. қар.

1. Деңгей бақылау датчигі (7-айқ.): Датчикті таза су ағынының астына жуу. Құрғақ айналым датчигі (10-айқ.): Құрғақ айналым датчигін таза су астында жуу және жұмсақ щетканың көмегімен тазарту.
2. Сорғы қорегіне қосу.
3. Сорғының іске қосылғандығына және сұйықтық деңгейі құрғақ айналым деңгейіне жеткендігіне көз жеткізу.

Назар аударыңыз!

**Датчиктер зақымдануын болдырмау үшін, атаулы құжатта көрсетілген тазартқыш құралдарын ғана пайдаланыңыз.**

Нұсқау

**Егер құрғақ айналым датчиктері жұмыс сұйықтығына батырылмаса, сорғы іске қосылмайды.**

### 15.5 Біліктің бүйірлік тығыздағышын тексеру/ауыстыру

Білік тығыздағышының дұрыстығына көз жеткізу үшін, майдың күйін тексеру керек. Егер майда 20 %-дан артық су болатын болса, бұл білік тығыздағышының зақымданғандығын білдіреді және оны алмастыру керек. Егер мұндай білік тығыздағышын қолдануды жалғастыра беретін болса, онда электр қозғалтқышы істен шығады. Егер май таза болатын болса, оны қайта қолдануға болады. Сонымен қатар 12. Техникалық қызмет көрсету тарауын қар.

Айқындама нөмірлерін 2-қосымшадан қар.

1. Кескіш механизм шығыршығын (44-айқ.) шешіп алу. 15.2 Кескіш механизмін ауыстыру тарауын қар.
2. Білік бүйірінен бұранданы (188а айқ.) бұрап босату.
3. Қамытты шешіп алу (92-айқ.).
4. Сорғы корпусынан қозғалтқыш буынын алу (50-айқ.). Кескіш механизмнің жұмыс дөңгелегі мен бастиегі электр қозғалтқышымен бірге бөлшектенеді.
5. Кескіш механизмінің бастиегін шешіп алу (45-айқ.).
6. Жұмыс дөңгелегін білігінен шешіп алу (49-айқ.).
7. Майлы камерадан майды құйып алу. 12.4 Май айырбастау тарауын қар.

Нұсқау

**Қолданылған майды жинап алу керек және оны жергілікті нормалар мен ережелерге сәйкес жою керек.**

#### Ескертпе

**Май камерасының тығындарын бұрап ағытар кезінде, камераның ішінде артық қысым болуы мүмкіндігін ескеру керек. Ешқашан қысым толығымен түспейінше бұрандалы тығындарды толық бұрап ағытуға болмайды.**



Біліктің тығыздағышы SEG AUTO<sub>ADAPT</sub> модельді барлық сорғылар үшін бөлшектелмейтін буын болып табылады.

8. Білік тығыздағышын бекітетін (105-айқ.) бұрандаларды алып тастау (188а айқ.).
9. Білік тығыздағышының корпусындағы екі көмекші саңылау (58-айқ.) және екі бұрағыш көмегімен майлы камерадан білік тығыздағышын (105-айқ.) бөлшектеу.

10. Қайталама білік тығыздағышы білік бетімен түйіскен жердегі білік тығыздағышының күйін тексеру. Білік тығыны (103-айқ.) жөндеулі күйде болуы керек. Егер тығыны тозған болса және оны алмастыру қажет болса, сорғыны Grundfos немесе ресми сервистік орталықтан тексерілуі керек.

Егер білігі қалыпты болса, келесілерді орындау керек:

1. Майлы камераны тексеру/жуу.
2. Білік тығыздағышымен (105а айқ.) (шығыршық және білік тығыздағышы) түйісетін беттерді сұйық май қабатымен жабу.
3. Жиынтыққа кіретін пластмассалы жиекті қолдана отырып, жаңа білік тығыздағышын (105-айқ.) орнату.
4. 16 Нм айналу ссімен бекітетін білік тығыздағышының бұрандаларын (188а айқ.) тарту.
5. Жұмыс дөңгелегін орнату. Кілтектің (9а айқ.) мұнда дұрыс орналасуын қадағалау.
6. Сорғы корпусын орнату (50-айқ.).
7. Қамытты орнату және тарту (92-айқ.).
8. Майды камераға құю. *12.4 Май айырбастау тарауын қар.*

Жұмыс дөңгелегінің саңылауын реттеуді *15.2 Кескіш механизмін ауыстыру тарауынан қар.*

### 15.6 Сорғы корпусын жуу

Айқындама нөмірін *2-қосымшадан қар.*

1. Қамытты шешіп алу (92-айқ.)
  2. Сорғы корпусынан қозғалтқыш буынын алу (50-айқ.). Кескіш механизмінің жұмыс дөңгелегі және бастиегі электр қозғалтқышының жиынтығында бөлшектенеді.
  3. Сорғы корпусы мен жұмыс дөңгелегін жуу.
  4. Сорғы корпусына кескіш механизм жұмыс дөңгелегі мен бастиегінің буынын орнату.
  5. Қамытты орнату және тарту.
- Сонымен қатар *15.4 Білік тығыздағышын тексеру/ауыстыру.*

### 16. Бұйымды көдеге жарату

Шекті күйдің негізгі өлшемдері болып табылатындар:

1. жөндеу немесе ауыстыру қарастырылмаған бір немесе бірнеше құрамдас бөліктердің істен шығуы;
  2. пайдаланудың экономикалық тиімсіздігіне алып келетін жөндеуге және техникалық қызмет көрсетуге шығындардың ұлғаюы.
- Аталған жабдық, сонымен қатар, тораптар мен бөлшектер экология саласында жергілікті заңнамалық талаптарға сәйкес жиналуы және көдеге жаратылуы тиіс.

### 17. Дайындаушы. Қызметтік мерзімі

Дайындаушы:

«GRUNDFOS Holding A/S концерні,  
Poul Due Jensens Vej 7, DK-8850 Bjerringbro,  
Дания\*

\* нақты дайындалу елі фирмалық тақтасашында көрсетілген.

Уәкілетті дайындаушы тұлға/Импорттаушы\*\*:

«Грундфос Истра» ЖШҚ  
143581, Мәскеу облысы, Истра ауданы,  
Павло-Слободское е/м.,  
Лешково ауылы, 188-үй.

Орта Азия бойынша импорттаушы:  
Грундфос Казахстан ЖШС  
Казакстан Республикасы, 050010, Алматы қ.,  
Көк-Төбе шағын ауданы, Қыз-Жібек көшесі, 7.  
\*\* импорттық жабдықтарға қатысты көрсетілген.

Ресейде дайындалған жабдық үшін:

Дайындаушы:

«Грундфос Истра» ЖШҚ  
143581, Мәскеу облысы, Истра ауданы,  
Павло-Слободское е/м.,  
Лешково ауылы, 188-үй.

Орта Азия бойынша импорттаушы:  
Грундфос Казахстан ЖШС  
Казакстан Республикасы, 050010, Алматы қ.,  
Көк-Төбе шағын ауданы, Қыз-Жібек көшесі, 7.

Жабдықтың қызмет мерзімі 10 жылды құрайды

Техникалық өзгерістер болуы мүмкін.

Приложение 1.




Рис. 16 Установка на верхней (надводной) автоматической трубной муфте





Рис. 17 Установка на автоматической трубной муфте

TM04 5648 1310

TM04 4483 1310

Мощность [кВт]	A	B	D	F	G1	M	N	O	Z4	Z6
0,9 и 1,2	456	100	117	216	214	134	100		118	495
1,5 (с однофазным двиг.)	471	100	99	216	214	134	100		118	495
1,5 (с трехфазн. двиг.)	456	100	117	216	214	134	100	мин. 600	118	495
2,6	527	100	137	256	215	134	100		118	531
3,1 и 4,0	567	100	137	256	215	134	100		118	531

Мощность [кВт]	Z6a	Z7	Z9	Z10a	Z11	Z12a	Z15	Z16	Z18	Z19	ZDN1
0,9 и 1,2	388	397	70	3/4" - 1"	536	68	90	221	271	120	Rp 1 1/2
1,5 (с однофазным двиг.)	388	397	70	3/4" - 1"	551	68	90	221	271	120	Rp 1 1/2
1,5 (с трехфазн. двиг.)	388	397	70	3/4" - 1"	536	68	90	221	271	120	Rp 1 1/2
2,6	423	433	70	3/4" - 1"	619	80	90	221	271	120	Rp 1 1/2
3,1 и 4,0	423	433	70	3/4" - 1"	657	79	90	221	271	120	Rp 1 1/2



TM04 4485 17 11

Рис. 18 Переносная установка с удлинёнными опорными ножками и без них

Мощность [кВт]	A	C	D	DN2	E	F	H	I	V1	Y2
0,9 и 1,2	456	255	99	DN 40	154	216	71	140	500	116
1,5 (с однофазным двиг.)	471	255	99	DN 40	154	216	71	140	515	116
1,5 (с трехфазн. двиг.)	456	255	99	DN 40	154	216	71	140	500	116
2,6	527	292	119	DN 40	173	256	60	166	582	115
3,1 и 4,0	567	292	119	DN 40	173	256	60	166	622	115

#### Масса насосов

Тип насоса	Масса [кг]
SEG.40.09...	38,0
SEG.40.12...	38,0
SEG.40.15.(EX).2.1.502	50,0
SEG.40.15.(EX).2.50B/C	38,0
SEG.40.26...	57,0
SEG.40.31...	65,0
SEG.40.40...	65,0

Приложение 2.




Рис. 19 Детализовка насоса SEG AUTO<sub>ADAPT</sub> (0,9-1,5 кВт)

TM04 4486 1909






Рис. 20 Детализовка насоса SEG AUTO<sub>АДАРТ</sub> (2,6-4 кВт)

ТМ045062 2109

### Таблица расшифровки

Поз.	Наименование
6а	Штифт
7а	Заклепка
9а	Шпонка
37а	Уплотнительное кольцо
44	Кольцо режущего механизма
45	Головка режущего механизма
48	Статор
48а	Выходной щит
49	Рабочее колесо
50	Корпус насоса
55	Корпус статора
58	Корпус уплотнения вала
66	Стопорная шайба
68	Регулировочная гайка
76	Фирменная табличка с номинальными техническими данными
90а	Электронный блок
90b	Уплотнительное кольцо
92	Стяжная скоба
102	Уплотнительное кольцо
103	Втулка
104	Уплотнительное кольцо
105 105а	Уплотнение вала
107	Уплотнительное кольцо
112а	Стопорная шайба
153	Подшипник
154	Подшипник
155	Масляная камера
158	Упорное нажимное кольцо

### Кесте түсіндірілімі

Айқ.	Атауы
6а	Штифт
7а	Тойгарма
9а	Шпонка
37а	Шығыршықты тығыздағыш
44	Кесу механизмнің шығыршығы
45	Кесу механизмнің бастиегі
48	Статор
48а	Шығу қалқаны
49	Жұмыс дөңгелегі
50	Сорғы корпусы
55	Статор корпусы
58	Білік тығыздағышының корпусы
66	Бекіту шайбасы
68	Реттегіш бұранда
76	Номиналды техникалық деректері бар фирмалық тақташа
90а	Электронды блок
90b	Шығыршықты тығыздағыш
92	Тартпалы қапсырма
102	Шығыршықты тығыздағыш
103	Тығын
104	Шығыршықты тығыздағыш
105 105а	Білікті тығыздау
107	Шығыршықты тығыздағыш
112а	Бекіту шайбасы
153	Мойынтірек
154	Мойынтірек
155	Май камерасы
158	Тіреуішті басқыш шығыршық

Поз.	Наименование
159	Уплотнительное кольцо
161	Рабочий конденсатор
161b	Гайка
161c	Кронштейн
161d	Шайба
161e	Шайба
161f	Винт
172	Ротор/вал
173	Винт
173a	Шайба
174	Винт заземления
174a	Шайба
176	Внутренние детали электросоединителя
181	Наружные детали электросоединителя
188a	Винт
190	Ручка
193	Резьбовая пробка
193a	Масло
194	Прокладка
198	Уплотнительное кольцо
285	Датчик сухого хода
285a	Уплотнительное кольцо
285b	Установочный винт
287	Датчик контроля уровня
287a	Защитная крышка
287b	Уплотнительное кольцо
287c	Установочный винт
288	Датчик

Айқ.	Атауы
159	Шығыршықты тығыздағыш
161	Жұмыс конденсаторы
161b	Сомын
161c	Кронштейн
161d	Шайба
161e	Шайба
161f	Бұранда
172	Ротор/білік
173	Бұранда
173a	Шайба
174	Жерге тұйықтау бұрандасы
174a	Шайба
176	Электржалғанымдардың ішкі бөлшектері
181	Электржалғанымдардың сыртқы бөлшектері
188a	Бұранда
190	Тұтқа
193	Бұрандалы тығым
193a	Май
194	Төсем
198	Шығыршықты тығыздағыш
285	Құрғақ айналым датчигі
285a	Шығыршықты тығыздағыш
285b	Орнату бұрандасы
287	Деңгейді бақылау датчигі
287a	Қорғаныш қақпағы
287b	Шығыршықты тығыздағыш
287c	Орнату бұрандасы
288	Датчик



## RU

Насосы SEG AUTO<sub>АДАРТ</sub> сертифицированы на соответствие требованиям технического регламента Таможенного союза «О безопасности низковольтного оборудования» (ТР ТС 004/2011), «О безопасности машин и оборудования» (ТР ТС 010/2011), «Электромагнитная совместимость технических средств» (ТР ТС 020/2011).

Сертификат соответствия:

№ ТС RU С-ДК.АИ30.В.01357 срок действия до 18.02.2020 г.

Выдан органом по сертификации продукции «ИВАНОВО-СЕРТИФИКАТ»

ООО «Ивановский Фонд Сертификации», аттестат аккредитации

№ РОСС RU.0001.11АИ30 от 20.06.2014 г.,

выдан Федеральной службой

по аккредитации; адрес: 153032,

Российская Федерация, Ивановская обл.,

г. Иваново, ул. Станкостроителей, дом 1;

телефон: (4932) 23-97-48,

факс: (4932) 23-97-48.

Насосы SEG AUTO<sub>АДАРТ</sub> сертифицированы на соответствие требованиям технического регламента Таможенного союза «О безопасности оборудования для работы во взрывоопасных средах» (ТР ТС 012/2011).

Сертификат соответствия:

№ ТС RU С-ДК.ГБ08.В.00347,

срок действия до 20.05.2019 г.

Выдан органом по сертификации продукции взрывозащищенного оборудования

Закрытое Акционерное Общество

Технических Измерений, Безопасности и

Разработок (ОС ВО ЗАО ТИБР), аттестат

аккредитации № РОСС RU.0001.11ГБ08 срок

действия с 15.06.2011 г. по 15.06.2016 г.,

выдан Федеральным Агентством по

техническому регулированию и метрологии;

адрес: 301760, Тульская обл., г. Донской,

ул. Горноспасательная, д. 1, стр. А, Россия;

тел./факс: (48746) 5-59-53.

Истра, 19 февраля 2015 г.



## KZ

SEG AUTO<sub>АДАРТ</sub> сорғылары Кеден одағының «Төменвольтты құрылғылардың қауіпсіздігі туралы» (ТР ТС 004/2011), «Машиналар мен құрылғылардың қауіпсіздігі туралы» (ТР ТС 010/2011), «Техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімдігі» (ТР ТС 020/2011) техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкестігіне сертификатталған.

Сәйкестік сертификаты:

№ ТС RU С-ДК.АИ30.В.01357, жарамдылық мерзімі 18.02.2020 ж. дейін.

«Сертификаттың Иванов Қоры» ЖШҚ «ИВАНОВО-СЕРТИФИКАТ» сертификация

бойынша органымен берілген, 20.06.2014 жылдан № РОСС RU.0001.11АИ30

аккредитациясының аттестаты,

аккредитация бойынша Федералды

қызметпен берілген, мекен-жай: 153032,

Ресей Федерациясы, Ивановск обл.,

Иваново қ., Станкостроитель көш., 1-үй;

телефон: (4932) 23-97-48,

факс: (4932) 23-97-48.

SEG AUTO<sub>АДАРТ</sub> сорғылары Кеден одағының «Жарылыс қауіпті орталарда жұмыс істеуге арналған құрылғылардың қауіпсіздігі туралы» (ТР ТС 012/2011) техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкестігіне сертификатталған.

Сәйкестік сертификаты:

№ ТС RU С-ДК.ГБ08.В.00347, жарамдылық мерзімі 20.05.2019 ж. дейін.

Техникалық өлшеу, қауіпсіздік және зерттеу жабық акционерлік қоғамы (ОС ВО ЗАО ТИБР),

атты жарылыстан қорғанымды өнімді

сертификациялау мекемесімен берілген, тіркеу

куәлігі № РОСС RU.0001.11ГБ08 қолданылу

мерзімі 15.06.2011 жылдан 15.06.2016 жылға

дейін., техникалық реттеу және метрология

федералды агенттігімен берілген; мекен-жайы:

301760, Тульская облыс, Донской қаласы,

Горноспасательская көшесі, 1 үй, стр. А, Ресей;

тел./факс: (48746) 5-59-53.

Касаткина В. В.

Руководитель отдела качества,

экологии и охраны труда

ООО Грундфос Истра, Россия

143581, Московская область,

Истринский район,

дер. Лешково, д.188

**Российская Федерация**

ООО Грундфос  
111024, г. Москва,  
Ул. Авиамоторная, д. 10, корп.2,  
10 этаж, офис XXV. Бизнес-центр  
«Авиаплаза»  
Тел.: (+7) 495 564-88-00, 737-30-00  
Факс: (+7) 495 564-88-11  
E-mail:  
grundfos.moscow@grundfos.com

**Республика Беларусь**

Филиал ООО Грундфос в Минске  
220125, г. Минск,  
ул. Шафарнянская, 11, оф. 56,  
БЦ «Порт»  
Тел.: +7 (375 17) 286-39-72/73  
Факс: 7 (375 17) 286-39-71  
E-mail:  
minsk@grundfos.com

**Республика Казахстан**

Грундфос Казахстан ЖШС  
Казахстан Республикасы,  
KZ-050010 Алматы к.,  
Кек-Тебе шагын ауданы,  
Кыз-Жібек кешесі, 7  
Тел.: (+7) 727 227-98-54  
Факс: (+7) 727 239-65-70  
E-mail:  
kazakhstan@grundfos.com





be think innovate

---

<b>98947461</b>	0715
-----------------	------

ECM: 1163481
--------------

© Copyright Grundfos Holding A/S

The name Grundfos, the Grundfos logo, and be think, innovate are registered trademarks owned by Grundfos Holding A/S or Grundfos A/S, Denmark. All rights reserved worldwide.

[www.grundfos.com](http://www.grundfos.com)

**GRUNDFOS** 